ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2026 жылғы 26 ақпан Іс №1513-26-00-2/125 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы Д.Н.Тажимуратова отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық жедел жәрдем станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Ulytau trade» Белгібай Ақерке Нұрмаханқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Муханова А.А.
талап қоюшының өкілі Т.С.Кошаева
жауапкер А.Н.Белгібай

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Ақтөбе облысының Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық жедел жәрдем станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Ulytau trade» Белгібай Ақерке Нұрмаханқызы (өнім беруші) арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде 2025 жылғы 5 желтоқсанда №020440003498/250249/00 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған (әрі қарай - шарт).

Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 202 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Өнім беруші шарттың №1 қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, жалпы сомасы 3 960 000 теңгеге Resusci Anne QCPR Full Body (тыныс жолдарының басы мен кейсі бар) толық бойлы манекенді (әрі қарай - тауар) шарт күшіне енген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни, 2025 жылғы 20 желтоқсанға дейін жеткізуге міндеттелген.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы жауапкермен енгізілген.

Жауапкер тарапынан шарттық міндеттемелер орындалмаған.

2025 жылғы 30 желтоқсанда шарт біржақты бұзылды.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 39 600 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіруді талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі жауапкермен шарттық міндеттемелер орындалмағанын айтып, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер талап қоюды мойындап, шарт бойынша көзделген тауарды жеткізгенін, алайда жеткізілген тауардың кемшіліктері болуына байланысты талап қоюшымен тауар қабылданбағанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру жөнінде қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағына сәйкес, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот отырысында анықталғандай, тараптардың құқықтық қатынастары мемлекеттік сатып алу шарттары негізінде туындап, жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жүктелген міндеттемені 2025 жылғы 20 желтоқсанға дейін орындауға міндеттелген.

Жауапкермен тауар жеткізіліп, талап қоюшымен 2025 жылғы 30 желтоқсандағы тауарды тиісінше жеткізбеу туралы актісі жасалған. Яғни,

жауапкермен жеткізілген тауар, шарттық және техникалық ерекшелікке сәйкес еместігі анықталған. Тауар ауыстырылмаған және де аталған жағдай сот отырысында жауапкермен жоққа шығарылмаған.

Шарт 2025 жылғы 30 желтоқсанда бұзылған.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-бабына сәйкес (әрі қарай-АПК), жауапкерден жергілікті бюджетке 1 966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс. Егер Өнім беруші тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3% аспауға тиіс.

Сот өндірісі

Талап қоюшының есебі бойынша шарттың орындалмаған жұмыстары үшін тұрақсыздық айыбы 2025 жылғы 20 желтоқсаннан - 30 желтоқсан аралығында (3 960 000 теңге х 0,1% х 10 күн) 39 600 теңгені құрайды.

Сот талап қоюшының есебін қабылда йды және өндірілуге жатады деп санайды.

Бұл ретте, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 39 600 теңге мөлшеріне тұрақсыздық айыбы және 1 188 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық жедел жәрдем станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Ulytau trade» Белгібай Ақерке Нұрмаханқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Ulytau trade» Белгібай Ақерке Нұрмаханқызынан «Ақтөбе облысының Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық жедел жәрдем станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының пайдасына 39 600 (отыз тоғыз мың алты жүз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 1 188 (бір мың жүз сескен сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Ulytau trade» Белгібай Ақерке Нұрмаханқызынан жергілікті бюджетке 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Көшірме дұрыс

Судья Р.Б. Кустанов

шешім 06.04.2026 ж. заңды күшіне енді

Судья Р.Б. Кустанов

13-26-3-1/58

Прошнуровано, пронумеровано

на 1 листах,

на 1 страницах

Судья СМЭ суда Актюбинской области

Кустанов Р.Б.